

# ЕШКІМНІҢ ТІСІ БАТПАЙ ЖҮР ЕДІ...



Белгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев өзінің «Қазақ эпосы және түркология» атты еңбегінде «...Абайдың ең қиын-қыстау ойларының бірі 38-інші қара сөзі. Бұған әзірге ешкімнің тісі батпай жүр...» деп толғанғаны бар. Абайтану саласында абыз ақсақалымыз профессор Мекемтас Мырзахметұлы да Абайды зерттеуге өмірін арнап, бүкіл адамзат баласын рухани тәрбиеге бастайтын «Толық адам» ілімі бойынша арнайы еңбек жазып шықты. Мекемтас ағамыздың шәкірттері де Абайтану саласында қажырлы еңбек етіп, тарихи сананың жаңғыруына үлестерін қосуда. Өткен жылы ғана университет қабырғасынан «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу ор-

талығын ашқанбыз. Мақсат – Абайды әлемге танытқан қаламгер Мұхтар Әуезов мұрасын одан әрі зерттеп, зерделей түсу. Оның сан қатпарлы мұрасын бүгінгі жас ұрпаққа насихаттау.

Енді осыған байланысты тың жаңалық: университетіміздегі профессор Мекемтас Мырзахметұлы басқарып отырған «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ақжол Қалшабек, шәкірті Әзімхан Исабекпен бірге М.Әуезовтің мұражай үйіндегі Мүрсейіт қолжазбасына сүйеніп, қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасы-

ның транскрипциясын жасап шықты.

Әзімхан Исабек – біздің университетіміздің магистранты. Абайдың аталмыш «Китаб тасдиқ» еңбегі Әзімханның диссертациялық жұмысы. Бұл Абайтану тарихында орын алар үлкен ғылыми жаңалық!

Ұлы ақынның мерейтойлы жылында жасалып отырған бұл жаңалықпен қалай мақтансақ та жарасады.

**Дария ҚОЖАМЖАРОВА,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры, тарих**  
**ғылымдарының докторы,**  
**профессор**